

С.М.НАРЫМБЕТОВ

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

В статье автор рассматривает исследования об истории возникновения казахских национальных игр после провозглашения независимости, о месте в историческом обществе национальных традиционных игр, его необходимости в воспитании молодого поколения.

Milli halk oyunlarının çıkış tarihi, toplumdaki yeri ve gelecek nesili yetiştirmedeki önemi üzerinde yapılan bağımsızlık sonrası dönemin araştırmaları hakkında geniş çaplı bilgi verilmiştir.

Түрік халықтарының рухани мәдениеті өте бай. Мұнда адамзаттық, қоғамдық құндылықтары мол бірнеше халықтардың тобы өмір сүрген... Туған тілін, туған тарихын ұмытқан, бірақ түр-сипатын, кейбір салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын жақсы сақтап қалған халықтар аз емес. Олар: украиндықтар, болгарлар, сербтер, хорваттар, орыс халқының көп бөлігі, француздар, немістер, ағылшындар... Ал соған қарама-қайшы ештеңені ұмытпай, өзінің өткен тарихын – әндерде, аңыз-әңгімелерінде, ұлттық ойындарында әлі күнге дейін жадында сақтап, қайта жаңғыртып келе жатқан халықтар да бар. Солардың біріне және түркі халықтарының ішіндегі ең күдіреттісі болып табылатын - қазақ халқы жатады. Қазақ халқының өмірінде той мен ұлттық ойындардың қоғамдық маңызы үлкен болған. Олардың шығу тегі, тарихы терең тамырлаған. Соған байланысты бірнеше формалардан өтіп, қоғамдық қатынастар мен халық шаруашылығының ерекшелігіне сәйкес келген. Сол халқымыздың өткенін зерттеу біздің қолымызда екенін есімізде сақтаған жөн [1].

Жалпы кез келген ғылым саласын зерттемес бұрын, ең алдымен оның тарихына назар аударуымыз керек. Өйткені тарихсыз халық болмайды, халықсыз тарих болмайды! «Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау – ғылым жетістіктерін игерумен қатар, оның одан ары алға басуына үлкен мүмкіншіліктер туғызады» [2]. Дәл осы жағдайдың қазақ ұлттық ойындарының даму тарихына да қатысы болса керек. Кез келген халықтың ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз:

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар;
4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Қай кезде болмасын ұлттық ойындар халықтың күнделікті тұрмыстағы өмірінің бір бөлшегі болды. Халықтың ойын-сауықтары әрқашан тәрбиелік, әскери-спорттық, діни, эстетикалық, коммуникативті және т.б. қоғамдық функцияларын атқарды. Әскери өнер (соғыс, жаугершілік, қақтығыс) және қоғамдағы шаруашылық қызметтермен байланысты әскери-спорттық ойындар кең және әмбебап функцияларды атқарды. Ұлттық және спорттық ойындардың өзіндік тарихи даму жолдары, қалыптасу кезеңдері, тәрбиелік маңызы халықтың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының негізінде болды. Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Қазақ халқының қайсыбір ойынын алсаң да ол – ептілікті, өжеттілікті, шапшаңдықты т.б. талап етеді. Тек қана талап етіп қоймай, жастарды соған баулиды. Қазіргі кемеліне келген тұжырымдар мен тарих ғылымдарының дәлелдеуі бойынша күні бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының қалыптасу кезеңі сонау адамзат баласының жаратылған күнінен, демек Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Ары қарай осы ойындардың көпшілігі көпшелі тұрмысқа лайықталып өзгертілгені, толықтырылғаны қазіргі таңда айдан анық көрінеді.

Халқымыздың тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып, салттарының түр-түрлерін кездестіреміз. Бұдан басқа – осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарап қоймаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топ алдында, баршаға тең (досқа да, дұшпанға да) еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен үлкен, танымал ұстаздан үйрену керектігі туралы ерте кезден жақсы білген. Тарихының көнелігіне қарамастан ойын үнемі жаңа, ол тат баспайтын, ескірмейтін нәрсе. Өйткені, күн сайын дүниеге келіп жатқан сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, дүниеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да осы ойын. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабамыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. I-мыңжылдықта-ақ

қалыптасқан. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізгі шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

Бұдан шығатын шешім, сонан бері біздерге жетіп, ойналып жүрген ұлт ойындарының ішіндегі әртүрлі құмалақ ойындары, бестас, асық, садақ ату, тағы басқалары шамамен алғанда 5000 жылдар бұрын ойналғандығы туралы айтылады [2, 2-4].

Демек, қазақ халқы ойын-сауық түрлерін күнделікті өмірде ерте кезден пайдаланғанын осыдан байқауымызға болады. Біздің халқымыз қай жағынан болсын бай халық. Олардың материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналары да аса бай. Сондай қомақты дүниелердің қатарына, жоғарыда айтып кеткендей, ұлт ойындары да жатады. Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оны оқып үйрене отырып, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына, көздеген мақсаттарын саралап, жете білулерін, дәстүрлер жалғасын өрістете отырып, өткен мен бүгінгіні байланыстыра білулеріне септігін тигізеді [3].

Қазақ халқының ұлттық ойындарын жинап, саралап, топқа бөлу сонау патшалық Ресей кезінен бастау алды. Дәл сондай қарқынмен кеңес үкіметінің тұсында да зерттеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен қазақ халқының өзге халықтардан қайталанбас ерекшелігін жою мақсатында көптеген шектеулер қойылды. Мәселен, ең алдымен «дінсіздікті» жариялады, мектептерде қазақ тіліне қарағанда, орыс тілін көбірек үйретті, төл тарихымызды бұрмалады және бір халықты екінші бір халықтан өзгеше етіп көрсететін «туған» салт-дәстүрлерімізді ұмыттыруға тырысты (зерттеу жұмыстары мүлдем жүрмеді деп айтуға да болмайды). Мұның бәрінен қол үзген халық болашақта өмір сүруін тоқтатадынын біз жақсы білеміз.

Біздің бақытымызға орай, жоғарыда айтылған іс-шаралар қаншалықты қарқынды жүрсе де, өткенімізді естен шығарту Кеңес үкіметінің қолынан келе қойған жоқ. Тәуелсіздігімізді алғаннан соң және одан кейінгі алғашқы жылдардан бастап, яғни 1990-шы жылдары қазақ халқының ұлттық ойындарын зерттеу қолға алына бастайды. Б. Төтенаев, Е. Сағындықов, С. Қатепов, Ж. Садықов, Б. Әлімқұлов, Е. Әбдіраманов және т.б. тарихшы, этнолог, филолог мамандар мақалалар жазып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ халқының этнография ғылымының әрі қарай дамуына зор үлесін қосты.

Е. Сағындықовтың еңбегінде қазақ халқының ұлттық ойындары басқа түркі тілдес халықтардікіндей ерте кезден дамығандығы туралы айтылады. Бұл еңбекте халқымыздың ұлттық ойындары неғұрлым мол, жүйелі түрде берілген. Ол ойындар жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын көңілді өткізуіне, денсаулықтарын шыңдай түсулеріне септігін тигізумен қатар, олардың халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын біліп өсулеріне, тілін дамытуға да жәрдемдеседі. Ұлт ойындары басқа ауыз әдебиетінің үлгілері секілді ауыздан-ауызға, атадан-балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып

отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі, көрінісі болғандығын түсіндіреді [3, 7-8].

Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түсетіні белгілі. Халық ойындарды біріншіден, дене тәрбиесін, яғни шапшаңдықты, жылдамдықты, ептілікті, ерлікті, өжеттікті, батылдықты, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты, күш-қуат молдылығын, білек күшін, дененің сомданып шынығуын және де жаңадан, одан алдын енді ғана дүниеге келген баланы үлкен болып ер жетем дегенше жан тәрбиесін, дүниетанымын, этика, эстетикаға үйретуге пайдаланды. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, бір ойынды алып қарайық. Бәйге. Ол үшін алдымен бәйгеге қосылатын атты таңдап алады. Ол атты баптап бағып, күтуге тура келеді, оның жейтін жемі мен ішетін суына дейін белгілі мөлшерге келтіріледі. Атты белгіленген уақытта күн сайын желгізіп, шапқызып, терін алады. Бәйгеге қосылатын атқа мініп шабатын бала күн ілгері осы сынақтарға қатысады (атқа ауыр болмас үшін оған мініп шабатын баланың жасы 11-12-ден аспауы керек). Баланың кішкентай кезінен бастап дене тәрбиесіне, сонымен жан-жануарлармен қарым-қатынас жасауы осымен байланысты. Ал зерттеушілердің пікірі бойынша, жастайынан жануар, түрлі өсімдіктермен, жалпы табиғатпен қатынасы бар бала тәрбиелі, мейірімді келетіні бізге мәлім. Бала жастайынан осы өнердің сырларын жете біліп, үлкен шаруашылық мектебінен өткендей әсер алады.

Ұлт ойындары біздің көз алдымызға дәл осылай суреттерді елестетеді. Өйткені бір кезде ол да бір тәрбиенің, өнердің басы, нәр алатын бастауы болғаны анық. Сөйтіп, бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлт ойындарының өзі адам еңбегінің жемісі, халықтың қияли ой құбылысының көрінісі, дүниені танып, білуге талпынысының нышаны ретінде өмірге келгенін, оның бар өнердің бастамасы, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы екенін білуге тиіс [3, 16-17].

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді ғұлама, данышпан Абай. Қарап отырсақ, Абай Құнанбаевтың жазып қалдырған ойы біздің жоғарыда айтқан пікірімізді растап тұрған секілді дейді зерттеуші ғалым Е Сағындықов [3, 4-6].

Мұндай пікірлерді Б.Ө.Төтенай да өз еңбектерінде айтқан болатын. Кеңес дәуірінің тұсында қазақ халқының ұлттық ойындарын жинақтап, жарыққа шығарған зерттеуші Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де қажымай жұмыс істеуге бет бұрды. Бұған дәлел – 1994 жылғы жарық көрген еңбегі. Бұнда қазақ халқының ұлттық ойындары, ойын ережелері жан-жақты сөз болған. Кіріспесінде алғысөз ретінде Наурыз мерекесінде ойналатын

ойындар, олардың түрлері, бір-бірінен өзгешелігі туралы айтылған. Бұл мереке жыл сайын наурыздың 22 жұлдызында өткізіліп отырған. Мұның себебі, қазақ халқы үшін бұл күн жаңа жылдың бірінші жұлдызы деп есептелген. Тағы бір себеп, ата-бабаларымыздың түсінігінше, бұл күнде күн мен түн теңеседі. Әрине, наурыздың жиырма екісінде көшпелі халық қыстағы қиыншылықтардан өтіп, бірі малынан айырылса, бірі көбейтіп алған. Сол малынан айырылған адамның туыстары өз ішінен кеңесіп, жәрдем берген. Мұндай кез бүкіл халық үшін қуанышты уақыт болған. Осындай істерді мейірімділік, жанашырлық деп тануымызға әбден болады.

Қақаған қыстың аязынан аман-сау қалған қазақ халқы күлімсіреген көктемге жеткен кезде бір-бірін көргеніне қуанып, тойлатып, ас беріп, қазандарын көтерген. Халық осы ойын-сауықта өздерінің өнерлерін ортаға салып, жаңа жылды жаңа табыспен қарсы алуына ниет білдірген.

Ұлыс күні кәрі-жас,
 Құшақтасып көріскен
 Жаңа ағытқан қозыдай,
 Шалдар бата беріскен.
 «Сақтай көр деп, терістен»,
 Кел таза бақ, кел десіп,
 Ием тілек бер десіп... –

деп бір-біріне жақсы, жағымды сөздер айтқан. Өзімізге мәлім, қазақ халқының байлық көзі мал болған. Соған байланысты қазақта «Мал-жаның аман ба?» деп жағдай сұрасу қазіргі күнге дейін сақталған. Қазақтың ұлттық ойындарының көбісі малмен байланысты болған. Мысалы: түйе-түйе, аларман (қойға қасқыр шапты), асаукөк, бурақотан, көк сиыр, соқыр-теке, түйе мен бота және т.б. [2].

«Соқыр текенің» тікелей аудармасы соқыр ешкі дегенді білдіреді. Соқыр теке ойыны мынадай. Балалар жиналып, бәрі бірдей аяқтарын жерге созып, қатарласып, отырады, оның үстіне әрбір бала өзінің аяғын ысқылай бастайды, сөйтіп, бәрі бір дауыспен: «уқала, уқала», яғни «ысқылаңдар, ысқылаңдар!» деп қайталай береді. Содан соң бәрі аяқтарымен ұшып түрегеледі, ұшып түрегелгенде кімнің тізе тамырлары сықырласа, соның көзін байлайды да, қалған балалар шашырай әр жаққа қашады. Көзі таңылған бала жүгіріп жүргендерді қуып, ұстап алуға тырысады; мұның сәті түскен кезде, ол ұстап алған баланың атын атауға міндетті, егер тапса, ұсталған бала «соқыр текеге» айналуға міндетті; ол баланың да көзін байлайды, ол алғашқы баланың істегенін қайталап шығады. Бұл ойын негізінде жас балалардың арасында ойналады.

Қазақ тұрмысында бір жастан жеті жасқа дейінгі кішкентайларды нәресте, жетіден он беске дейінгі жасты бозбала, ақыр соңында он бестен отыз жасқа дейінгі жас адамдарды жігіт деп атау қалыптасқан. Балалардың ойындары мен бозбалалардың көңіл көтерулерінде, әрине, шұғыл

айырмашылық бар. «Нәресте» жасындағы балалар арасында ойналатын ойындардың тағы бірі – түйе-түйе. Бұл түйе болып ойнайтын ойын. Бұл ойын былай болады. Балалар екі топқа бөлінеді, оның үстіне, бөлінген кезде балалардың шағын тобы бір жағында қалады. Осы соңғы топ басшысы аналық болатын түйелерді бейнелейді. Белгіленген сәтте бірінші топтың балалары бірін-бірі қуалай жүгіріп, түйелерді бейнелеп тұрған топты бұзады да, бір баланы ұстап алып: «Ботаны ұстап алдық», - деп қайталай береді. Осылайша жүгіру аналық түйеде тек бір бота қалғанша қайталана береді [4].

Осыдан соң балаларынан айырылған ене түйе қайғыға батып, көз жасын көлдете Жаратқанға жалбарынып, намаз оқиды. Осы кезді пайдаланып, балақайлар шешесінің соңғы ботасын да ұрлап кетеді. Намаз аяқталған соң аналық түйе өз ботасының жоқ екенін байқаған соң боздап, шеңберді айналып жүгіре бастайды, ол жерде екінші топ оны да ұстап алады. Бұдан соң бүкіл балалар бір шоғыр болып қосылады. Осы кезде оларға ойынға қатысушылардың бірі – қолына қу шыбықтар ұстаған бала келіп, ойнаушының әрқайсысының қасынан өте келе одан не керек екенін сұрайды. Әрбір бала сұрақ қоюшыға өз талабын айтады. Біреуі мылтық, енді біреуі шапан, тағы біреуі – таяқ, тағы біреуі – етік, бір сөзбен айтқанда, ойына не келсе, соны сұрайды. Сөйтіп, әлгі бала әркімнің талабын қанағаттандырып, әрқайсысына қу шыбықтан беріп: «Міне, саған мылтық, міне шапан, етік», - дегендей және басқаларын айтып, қайталай береді. Осымен түйе болып ойнау аяқталады.

Жоғарыда келтірілген ойындар қазақ халқында балалар жастайынан достыққа, бейбітшілікке, бауырмашылыққа жақын болғанын көрсетеді. Керек десеңіз, мұндай ойындарды қазақ балалары жер-жерді аралап, көршілес орналасқан ауылдардың балаларымен ойнаған. Қазіргі таңда мұндай жағдайды кездестіруіміз қиынға соғады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Зерттеуші, тарихшы, этнограф, педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, баланың ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы бани түседі.

Сонымен қатар, ұлттық ойын түрлерін қазіргі дене шынықтыру пәнімен, спорт саласымен байланысын қарастырған ғылыми еңбектер қатарына Есмағанбетовтың «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» (1995) атты кітабын айтуға болады. Ойын - бір жағы, дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, бір жағы: көңіл көтеру, дем алу, бір жағы бас қосып бірлесіп, әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Шаруашылықтан бос кезде той-думан мен ойын-сауықтар жиі атқарылады.

Той-думан, ойын-сауық адамды, ел-жұртты тұтастыққа, бірлікке тартады. Ойын-сауықта адам табиғатпен, табысты тынысын кеңйте алады, ұнатқандарымен жақындасады. Табиғи көркемдікке қызығу, оны тамашалау

көшпенділердің жас кезінен қанынан сіңірген қасиет. Ойын - ұрпақтар өмірін үйлестірудің дәстүрлі ән-бимен өрнектелген сауық түрі. Ұлттық ойындар жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын - баланың жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін татқызатын жеңімпаздардың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау тоғысы [5].

Қазақтың ұлттық ойын сауығы достық пен қонақжайлылықтың белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын сауықта жалғыздық сезім, арам ниет билей алмады, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы құдірет өнерпаздық, түсіністік және келісімге жол табу. Адамзат қашанда болмасын осы үш құдіретке тәнті болған, сол құндылыққа жетудің мүмкіндігін арнайы және үнемі іздестірумен әуреленген [6].

Сонымен, қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық ойындарының шығу тегі терең тамыр жайғанын аңғардық. Ерте кезде пайда болған ойындардың құрылысы, ережесі қазіргіге ұқсас болмағанымен, бұрынғы болмысын сақтап қалған. Басқа халықтармен салыстырғанда ерекшелік белгілерінің бірі болып табылатын ұлт ойындарының тұрмыс-тіршілікте, салт-дәстүрде, тәрбиеде, бейбіт өмірде, жаугершілік соғыстарда тиетін пайдасы көп болды.

Ұлт ойындарын патшалық Ресей кезінен бастап зерттеу етек алды. Дегенмен де жүйелі түрде салт-дәстүріміздің, той-думанның бір бөлшегі етіп қарастыру Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін басталды. 1990-шы жылдарда бұл мәселені зерттеу жоғарғы дәрежеде жүрді деп айтуымызға әбден болады. Жоғарыда жазылған пікірлер бұл сөздеге айғақ бола алады деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мурад Аджи. Европа, тюрки, Великая степь. – Москва. 2006.
2. Тетенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар. 1994.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан. 1991.
4. Шаханов Н. Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы. 1998.
5. Есмағанбетов. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Алматы. 1995.
6. Садықов Ж. Казахские национальные игры: [Жокпар (козлодрание), Аударыспақ (борьба всадников), Алтыбақан (качели)] //Звезда Прииртышья. 1994. -24 мая.

REZUME

S.M.NARYMBETOV (Almaty)

STUDIES OF THE KAZAKH NATIONAL GAMES AFTER INDEPENDENCE

The author examines research about the history of the Kazakh national games after independence, its place in the historical society, national traditional games, his need for educating the younger generation.